2) **инсайдерлік ақпарат** – Қоғам акциялары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ Қоғам, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі Қоғам акциялары құнының өзгеруіне және Қоғам қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат;

3) **корпоративтік оқиғалар** – Қоғам қызметіне елеулі ықпал ететін, Қоғамның бағалы қағаздар ұстаушыларының және инвесторларының мүддесін қозғайтын, «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [1] 102-бабының 5-тармағында айқындалған оқиғалар;

4) **бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау** - қаржы нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға және өзге де қаржы құралдарына, оның ішінде шетелдік валюталар мен туынды қаржы құралдарына орныққан бағадан (бағамнан) жоғары немесе төмен баға (бағам) белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағазбен немесе өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықтың көрінісін жасауға, инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасауға бағытталған әрекеттері;

5) **жауапты құрылымдық бөлімше** – функциясына инсайдерлік ақпарат бөлігінде, сондай-ақ Қоғам туралы ақпаратты ашу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарын, осы Қағидалардың және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарын Қоғамның, оның лауазымды тұлғаларының және басқа да жұмыскерлерінің сақтауына ішкі бақылау жүргізу кіретін Қоғамның құрылымдық бөлімшесі;


6) **жекеленген құрылымдық бөлімше (ЖҚБ)** – өкілдіктерді қоспағанда, Қоғам филиалы, мұнай құбыры басқармасы/аумақ бойынша өзге жекеленген құрылымдық бөлімшесі;

7) **тыйым салу кезеңі** – осы Қағиданың 38-тармағында айқындалған уақыт кезеңі, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігіне қол жеткізе алатын Қоғам инсайдерлеріне Қоғам акцияларымен кез келген мәмілелерді жасауға тыйым салынады;

8) **БАҚ** – бұқаралық ақпарат құралдары;

9) **құрылымдық бөлімше** – белгілі бір қызмет/процесс түрін жүзеге асыруға жауапты және Қоғам құрылымында көрсетілген Қоғамның





құрылымдық бөлімшесі (орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері, ЖҚБ, операторлық қызметтер көрсетуге жауапты департамент);


10) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығын реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) KASE - «Қазақстан қор биржасы» АҚ.

#### 4. ПРОЦЕСТІ СИПАТТАУ

##### 1-тарау. Процестің блок-схемасы

Процеске кіру:		Инсайдерлік ақпарат	
р/с №	Іс-қимыл	Кім орындады	Жазба
1	Қоғамның инсайдерлері тізбесін өзектендіру мақсатымен Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің Қоғамның инсайдерлері тізіміне (тізімінен) енгізілетін (шығарылатын) тұлғалар жөніндегі ақпаратты Жауапты құрылымдық бөлімшеге жіберуі	Қоғамның құрылымдық бөлімшесі	Қоғамның электрондық құжат айналымы жүйесі бойынша хат/қызметтік жазба
2	Қоғам инсайдерлерінің тізімін қалыптастыру/өзектендіру	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қоғам инсайдерлерінің тізімі
3	Қоғам инсайдерлерінің тізімін келісу	Жетекшілік ететін басшы (Қоғамның басқарушы директоры)	Қоғам инсайдерлерінің тізімі
4	Қоғам инсайдерлерінің тізімін бекіту	Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) немесе оны ауыстыратын адам	Қоғам инсайдерлерінің тізімі

 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары	
Қағидалары	ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2	19 беттің 4-беті

5	<p>Тұлғаларға оларды Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізу туралы немесе Қоғам инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабарлау</p>	Жауапты құрылымдық бөлімше	Қағаз тасығыштағы жазбаша хабарлама
6	<p>Қоғамның инсайдерлері болып табылатын жұмыскерлер үшін тыйым салу кезеңінің басталу күні және аяқталу күні туралы хабарламаны Қоғамның ақпараттық корпоративтік порталында орналастыру. Тыйым салу кезеңінің басталу күні және аяқталу күні туралы хабарламаны Қоғамның басқа да инсайдерлеріне жіберу</p>	Жауапты құрылымдық бөлімше	Хабарлама
Процестен шығу:		Инсайдерлік ақпаратты пайдалануды бақылау	

## 2-тарау. Инсайдерлік ақпарат

### §1. Инсайдерлікке жататын ақпараттың тізбесі


5. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатады:

1) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін жыл қорытындылары бойынша Қоғам Басқармасының мүшелері сыйақысының сомарлық мөлшері туралы ақпарат;

2) онда қамтылған ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің, Қоғамның шоғырланған жылдық қаржылық есептілігінің және оларға аудиторлық есептердің жобалары, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, Қоғамның шоғырланған жылдық қаржылық есептілігі және оларға аудиторлық есептер;

3) онда қамтылған ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның аралық (тоқсандық, жартыжылдық) қаржылық есептілігінің, Қоғамның шоғырланған аралық (тоқсандық, жартыжылдық) қаржылық есептілігінің және оларға аудиторлық есептердің жобалары, Қоғамның аралық (тоқсандық, жартыжылдық) қаржылық есептілігі, Қоғамның шоғырланған аралық (тоқсандық, жартыжылдық) қаржылық есептілігі және оларға аудиторлық есептер;



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 5-беті</b>

4) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін егер осындай қателер Қоғамның акцияларының бағасына ықпал ете алатын болса, Қоғамның бұрын ашылған қаржылық есептілігінде қате табу туралы ақпарат;

5) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау нәтижелері туралы ақпарат;

6) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғам активтерінің құнсыздануын тестілеу нәтижелері туралы ақпарат;

7) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін уәкілетті органның Қоғам акцияларының шығарылымын жоюы туралы ақпарат;

8) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімдерінің жобалары, сондай-ақ Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер туралы ақпарат;

Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру және тарату туралы;

Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін іске асыру мақсатында ұйымдастырылған бағалы қағаздар арығында орналастырылатын акцияларды қоспағанда, жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) соның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) әдісі мен бағасы туралы;

Қоғамның бағалы қағаздарын конвертациялау, сондай-ақ оларды өзгерту шарттары мен тәртібін айқындау туралы;

Қоғамның жай акцияларына конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару туралы;

орналастырылған акциялардың бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастау, осындай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау туралы;

есепті қаржылық жылдағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту туралы, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту, сондай-ақ жарты жылға немесе тоқсанға дивиденд төлеу туралы мәселе қаралған жағдайда жартыжылдыққа немесе тоқсанға Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту туралы;


Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлеу туралы;

Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы;

сомасында барлық қоғамға тиесілі активтердің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне Қоғамның





 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 6-беті</b>

катысуы не өзге зады тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы;

бөлінбеген пайданы бөлу туралы;

9) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның Директорлар кеңесін және Басқармасын сайлауға, Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамындағы өзгерістерге қатысты Қоғамның тиісті органдары шешімдерінің жобалары, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесін және Басқармасын сайлауға, Қоғамның Директорлар кеңесінің және Басқармасының құрамындағы өзгерістерге қатысты Қоғамның тиісті органдарының шешімдері туралы ақпарат;

10) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпарат:

егер Қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір процентін құраса, Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы және оларды сатып алу бағасы туралы;

облигациялар және туынды бағалы қағаздарды шығару туралы;

11) ірі мәмлелерді және бір мезгілде мынадай шарттарға жауап беретін: Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмле болып табылатын және осындай мәмілелерді жасасу туралы шешімді Қоғамның уәкілетті органы қабылдаған күндегі жағдай бойынша құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты мәмлелерді жасасу және (немесе) жасау жөніндегі жоспарлар туралы ақпарат;

12) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына конвертациялау туралы ақпарат;


13) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы ақпарат;

14) Қоғам осындай әрбір ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп процентін иеленетін ұйымдардың тізіміне өзгерістер енгізу жөніндегі жоспары туралы ақпарат;

15) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамды мәжбүрлеп таратуға немесе қайта ұйымдастыруға, сондай-ақ оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдарын мәжбүрлеп таратуға немесе қайта ұйымдастыруға қатысты сот шешімі туралы ақпарат;

16) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Қоғам



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 7-беті</b>

активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын сомаға Қоғам мүлкін кепілден (қайта кепілден) алу туралы ақпарат;

17) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын Қоғам мүлкіне тыйым салу (мүлікті тыйым салудан босату) туралы ақпарат;

18) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп процентін құрайтын мөлшерде қарыз алуы, сондай-ақ негізгі қарызды және осы қарыз бойынша есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат;

19) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін нәтижесінде құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп процентін құрайтын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы туралы ақпарат;

20) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат;

21) осындай ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін Қоғамның бірінші санаттағы рұқсаттарды алуы (тоқтатуы, тоқтата тұруы) туралы ақпарат;

22) Қоғамның акциялары, олармен жасалатын мәмілелер туралы, Қоғам туралы, коммерциялық құпияны құрайтын олардың қызметі туралы өзге де шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы Қоғам акциялары құнының өзгеруіне және Қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да ақпарат.

6. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

1) инвестициялық шешімдерді қабылдау және (немесе) Қоғамның акцияларымен операциялар жүргізу туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар дайындау мақсатында жасалған Қоғам акцияларының құны, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағалауды қоса алғанда, жалпыға қол жетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат;


2) БАҚ-тан алынған ақпарат;

3) ақпарат көзі белгісіз, көптеген тұлғалар арасында таратылатын расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

## **§2. Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері**

7. Қоғамның инсайдерлік ақпаратты ашуы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, KASE ішкі құжаттарымен, осы Қағидалармен және Қоғамның



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 8-беті</b>

басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте, шарттарда және мерзімдерде жүзеге асырылады.

8. Қоғам инсайдерлік ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және KASE интернет-ресурсында ашады. Бұдан басқа, Қоғам табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [2] талаптарына сәйкес жартыжылдық және жылдық қаржылық есептілікті БАҚ-та жариялайды.

9. Қоғам инсайдерлік ақпаратты Қоғамның интернет-ресурсында ([www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz)) және (немесе) БАҚ-та жариялауға құқылы. Инсайдерлік ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын БАҚ-тың ресми атауы мен мерзімділігі Қоғамның интернет-ресурсында орналастырылады.

10. Осы Қағидалардың 5-тармағының 22) тармақшасында көрсетілген инсайдерлік ақпаратты Қоғам ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ашады.

11. Инсайдерлік ақпаратты бірнеше көздер арқылы орналастыру (жариялау) жолымен ашқан кезде, инсайдерлік ақпаратты алғашқы орналастырған (жариялаған) күн ашылған күн болып табылады.

12. Егер Қоғам инсайдерлік ақпаратқа жататын ақпараттың талап етілетін құпиялылық дәрежесін сақтау мүмкін емес деп санаса немесе осы ақпараттың құпиялығын бұзуға жол берілсе, Қоғам оны ашу үшін шаралар қолданады. Мұндай ақпарат ол туындаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ашылады.


### **3-тарау. «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлері**

#### **§1. «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлерін айқындау. «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлерінің тізімін жүргізу, өзекті қалпында ұстау тәртібі**

13. Мына тұлғалар Қоғам инсайдерлері болып танылады:

- 1) Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері;
- 2) қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қоғам жұмыскерлері;
- 3) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін тікелей немесе жанама түрде иелену, пайдалану және (немесе) билік ету арқылы инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізетін адамдар;
- 4) жасалған (оның ішінде ауызша), ережелерімен инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген шартқа сәйкес Қоғамға қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және өзге де тұлғалар;
- 5) тізіміне Қоғам шығарған акциялар кіретін сауда-саттықты ұйымдастырушы ретіндегі KASE;



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 9-беті</b>

6) сауда-саттық жүйесінде Қоғамның акцияларымен мәмілелер жасалатын KASE директорлар кеңесінің және листинг комиссиясының мүшелері;

7) оларға берілген функциялар мен өкілеттіктер негізінде инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының жұмыскерлері, мемлекеттік қызметшілер;

8) Қоғам мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіби ұйымдар және оларға берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, осы тармақтың 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар;

9) қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын, осы тармақтың 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың жұмыскерлері;

10) осы тармақтың 1) - 9) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған тұлғалар.

14. Инсайдерлік ақпаратқа билік етуін және пайдалануын бақылауды қамтамасыз ету үшін Жауапты құрылымдық бөлімше осы Қағидаларға қосымшаға сай нысан бойынша Қоғамның инсайдерлерінің тізімін жүргізуді және өзекті түрде сақтауды жүзеге асырады.

15. Қоғам инсайдерлерінің тізіміне осы Қағидаларға 13-тармақтың 1) - 5) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар келесі деректер негізінде енеді:

1) осы Қағидаларға 13-тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша - Қоғамның корпоративтік хатшысы, Қоғам Басқармасының хатшысы, Қоғамның құрылымдық бөлімшелері ұсынған ақпараттар негізінде;


2) осы Қағидаларға 13-тармақтың 3) тармақшасы бойынша - міндеттеріне инвестицияларды басқару және инвестициялық талдау саласындағы Қоғамның орнықты дамуы мәселелері кіретін Қоғамның құрылымдық бөлімшесі ұсынатын ақпарат негізінде;

3) осы Қағидаларға 13-тармақтың 4) және 5) тармақшалары бойынша - тиісті шарттардың (оның ішінде ауызша) жасалуын қамтамасыз ететін Қоғамның құрылымдық бөлімшелері ақпаратының негізінде.

16. Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғалар туралы ақпаратты осы Қағидаларға 15-тармақта көрсетілген Қоғам жұмыскерлері мен құрылымдық бөлімшелері тиісті негіздер туындаған кезде, бірақ олар туындаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.

Қоғам инсайдерлерінің тізімінен шығарылған тұлғалар туралы ақпаратты осы Қағидаларға 15-тармақта көрсетілген Қоғам жұмыскерлері мен құрылымдық бөлімшелері тиісті негіздер туындаған кезде, бірақ олар туындаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей Жауапты құрылымдық бөлімшеге ұсынады.



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 10-беті</b>

17. Алынған ақпарат негізінде Жауапты құрылымдық бөлімше:

1) Қоғам инсайдерлерінің тізімін жасайды, оны уақтылы өзектендіреді;  
2) есепті жылдың 31 қаңтарынан, 30 сәуірінен, 31 шілдесінен және 31 қазанынан кешіктірмей Қоғам бас директорының (Басқарма төрағасының) немесе оны алмастыратын адамның, тиісінше есепті жылдың 1 қаңтардағы, 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдайлар бойынша Қоғам инсайдерлерінің тізімін бекітуін қамтамасыз етеді.

18. Жауапты құрылымдық бөлімше, қажет болған жағдайда, Қоғамның құрылымдық бөлімшелеріне Қоғам инсайдерлерінің тізімін өзектендіреді үшін оларға ақпарат ұсынуды сұрайды.

19. Қоғам инсайдерлерінің тізімі Қоғамның құпия ақпараты болып табылады.

20. Қоғам инсайдерлерінің тізімі Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысында сақталады.

21. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына [1] сәйкес Жауапты құрылымдық бөлімше Қоғам инсайдерлерінің тізімін уәкілетті органға оның талап етуі бойынша, осы талапта көрсетілген мерзімде ұсынуды қамтамасыз етеді.

## **§2. «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлерінің тізіміне (тізімінен) енгізілген (шығарылған) жағдайда тұлғаларға хабарлау тәртібі мен мерзімі**


22. Жауапты құрылымдық бөлімше Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғаларға олардың Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енуі немесе осы тізімнен шығарылуы туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында [1] және осы Қағидаларда көзделген шектеулер, міндеттемелер және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туындайтыны туралы жазбаша хабарлауды қамтамасыз етеді.

23. Жауапты құрылымдық бөлімше тұлғаларды Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізу туралы хабарламаны Жауапты құрылымдық бөлімше тиісті жұмыскерден/Қоғамның құрылымдық бөлімшесінен ақпарат алған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

24. Жауапты құрылымдық бөлімше тұлғаларды Қоғам инсайдерлерінің тізімінен шығару туралы хабарламаны Жауапты құрылымдық бөлімше тиісті жұмыскерден/Қоғамның құрылымдық бөлімшесінен ақпаратты алған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

25. Осы Қағидалардың 23 және 24-тармақтарында көрсетілген хабарламалар тікелей Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізілген немесе осы



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 11-беті</b>

тізімнен шығарылған тұлғаға жіберіледі, не осы тұлғаға белгілі бір мекенжай бойынша хабарламаны алу фактісін растайтын тәсілмен жібереді.

26. Жауапты құрылымдық бөлімше Қоғамның корпоративтік хатшысына Қоғам инсайдерлерінің тізіміне Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасын немесе мүшелерін енгізу туралы, сондай-ақ осы тізімнен өкілеттіктерінің тоқтатылуына байланысты шығарылуы туралы хабарлама жібереді. Қоғамның Корпоративтік хатшысы хабарламаны тікелей Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасына немесе мүшесіне жібереді, не электрондық пошта арқылы олардың электрондық пошта мекенжайларына жолдайды.

### **§3. «ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлерінің міндеттері**

27. Инсайдерлік ақпарат ашылғанға дейін құпия болып табылады.

28. Қоғамның инсайдерлері міндетті:

1) инсайдерлік ақпаратқа қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын орындауға;

2) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты заңсыз қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, көшіруден, рұқсатсыз ұсыну және таратудан, сондай-ақ өзге де заңсыз әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етуге;

3) инсайдерлік ақпаратты басқа тұлғалардың жария етпеуіне бағытталған қажетті шараларды қабылдауға;

4) инсайдерлік мәртебені жоғалтқан кезде, инсайдерлік ақпараты бар барлық материалдық тасығыштарды Қоғамға тапсыруға.


29. Қоғамның инсайдерлері болып табылатын жұмыскерлер:

1) инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі жоқ адамдардың көзінше инсайдерлік ақпарат туралы пікірталастар жүргізбеуге;

2) инсайдерлік ақпаратты қамтитын қағаз немесе электронды түрдегі құжаттардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттерінің, Қоғамның жеке куәліктерінің/проксим-карталарының, құпия сөздердің жоғалуы не жетіспеуі туралы немесе инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз кіру және басқа да осындай фактілер мен жағдайлар анықталған жағдайда тікелей басшысына немесе оны алмастыратын адамға дереу хабарлауға міндетті.

30. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері Қоғамның корпоративтік хатшысына инсайдерлік ақпаратты қамтитын қағаз немесе электронды түрдегі құжаттардың жоғалуы немесе жетіспеуі туралы, не инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз кіру және басқа да осындай фактілер мен жағдайлардың анықталуы туралы хабарлайды.



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 12-беті</b>

31. Инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелері бұл ақпаратты оның тиісті құпиялылық режимін қамтамасыз ететін жағдайларда сақтауы тиіс.

32. Қоғам инсайдерлік ақпараттың құпиялылық режимін Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің сақтауы үшін қажетті ұйымдық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары туралы ережелердегі тиісті талаптары;

2) ақпараттың жоғалуын және, оның ішінде байланыс арналары арқылы, оған рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғауға арналған ақпараттық-техникалық жүйелері мен құралдарының болуы;

3) инсайдерлік ақпаратты пайдалану тәртібінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған өзге де шаралар.

33. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алмайтын немесе Қоғам инсайдерлерінің тізіміне кірмеген, бірақ қандай да бір жағдайға байланысты осы ақпаратты алған тұлға міндетті:

1) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуі туралы Жауапты құрылымдық бөлімшені хабардар етуге;

2) инсайдерлік ақпарат бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарды орындауға;

3) инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша шаралар қабылдауға;

4) инсайдерлік ақпаратты тарату мүмкіндігін болдырмауға.

34. Мыналарға тыйым салынады:


1) Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғаларға қол жетімді етуге;

3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген Қоғам акцияларымен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды беруге.

35. Заңды және жеке тұлғалармен қарым-қатынастарда, мұндай адамдарға Қоғам ұсынатын инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау қажет болса, «ҚазТрансОйл» АҚ-та қызметтік және коммерциялық құпияны сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа [3] сәйкес құпиялылық туралы келісім (шарт) жасалады. Егер қарым-қатынастар шарт негізінде құрылса, мұндай шартта инсайдерлік ақпараттың құпиялылығы туралы ережелер көзделуі мүмкін.



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 13-беті</b>

#### **§4. Қоғамның инсайдерлері болып табылатын жеке заңды тұлғалардың міндеттері**

36. Осы Қағидаларға 13-тармақтың 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар міндетті:

1) өзінің қызметтік жағдайына және лауазымдық міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз жұмыскерлерінің тізімін жүргізуге;

2) инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [1] және осы Қағидалардың талаптары туралы өз жұмыскерлерін хабардар етуге;

3) Қоғамның сұрау салуы бойынша, осындай сұрау салумен белгіленген мерзімде өзінің лауазымдық жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын өз жұмыскерлері туралы Қоғамды жазбаша хабардар етуге.

#### **§5. Тыйым салу кезеңі**

37. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасауды, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануды болдырмау мақсатында Қоғам тыйым салу кезеңін белгілейді.

38. Есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап (1 сәуір, 1 шілде, 1 қазан, 1 қаңтар) Қоғамның аралық (тоқсандық, жартыжылдық), жылдық қаржылық есептілігін ашқанға (жариялауға) дейін созылатын уақыт кезеңі тыйым салу кезеңі деп түсініледі.


39. Жауапты құрылымдық бөлімше тыйым салу кезеңі қолданылатын Қоғам инсайдерлерін тыйым салу кезеңінің басталу күні және аяқталу күні туралы, «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында [1] және осы Қағидаларда көзделген шектеулер туралы және инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік туралы тоқсан сайын хабарлауды қамтамасыз етеді.

40. Қоғамның инсайдерлері болып табылатын жұмыскерлерге тыйым салу кезеңінің қолданылу мерзімі туралы хабарлама Қоғамның корпоративтік ақпараттық порталында жарияланады. Қоғамның инсайдерлері болып табылатын басқа тұлғалар үшін қолданылу мерзімі туралы хабарлама тиісті тұлғаға тікелей тапсырылады немесе аталмыш тұлғаның осы хабарламаны алуын растайтын тәсіл арқылы осы тұлғаның белгілі мекенжайына жіберіледі.

41. Тыйым салу мерзімі қолданылатын Қоғам инсайдерлеріне осы кезең ішінде Қоғам акцияларымен қандай да бір мәмілелер жасауға тыйым салынады.





 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 14-беті</b>

## **§6. Бұзушылық. Ден қою шаралары**

42. Инсайдерлер Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі заңнамасын және осы Қағидаларды бұзған жағдайда, Қоғамда мына шаралар қабылдануы мүмкін (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):

- 1) осы Қағидалардың сақталуы үшін бақылауды күшейту;
- 2) инсайдерлік ақпараттың таралуына кінәлі тұлғаларды немесе дереккөзді анықтау мақсатында қызметтік тергеу жүргізу;
- 3) уәкілетті органға оны бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану мақсатында Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы [1] талаптарын бұзушылықпен жасалған мәміле туралы ақпаратты жіберу;
- 4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жаза шараларын қолдану;
- 5) Қоғам инсайдерінің іс-әрекеттері арқылы Қоғамға келтірілген материалдық залалды және/немесе іскерлік беделге келтірілген зиянды өтеу жөніндегі шаралар;
- 6) өзге де жол берілетін шаралар.

## **5. ЖАУАПКЕРШІЛІК**


43. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Қағидаларда көзделген талаптарды бұзумен жүзеге асырылған инсайдерлік ақпаратты кез келген пайдалану, оның ішінде инсайдерлік ақпаратты инсайдерлік ақпаратты иеленуші тұлғалардың жеке мүдделеріне немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдалану заңсыз болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

44. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қоғамның инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті қалпында ұстау үшін ұсынылатын ақпараттың толықтығы мен шынайылығына, сондай-ақ ақпараттың уақытылы берілуіне жеке жауапкершілік көтереді.

45. Инсайдерлік ақпаратты ашуға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында, KASE ішкі құжаттарында, осы Қағидаларда және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарында көзделген инсайдерлік ақпаратты ашудың тәртібі, шарттары мен мерзімдерінің сақталуына жеке жауапкершілік көтереді.

46. Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы Қоғам инсайдерлері тізімін уақытылы өзектендіруге, Қоғам инсайдерлері тізіміне енгізілген немесе Қоғам инсайдерлер тізімінен шығарылатын тұлғаларға хабарлауға, Қоғам инсайдерлеріне тыйым салу кезеңінің басталу және аяқталу датасы



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 15-беті</b>

туралы хабарлауға, сонымен қатар Қоғам және Қоғам инсайдерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, KASE ішкі құжаттарының, осы Қағидалардың және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарын сақтауын бақылауды жүзеге асыруға жауапкершілік көтереді.

## 6. НӘТИЖЕЛІК ӨЛШЕМДЕРІ


47. Қазақстан Республикасы заңнамасының, KASE ішкі құжаттарының, осы Қағидалардың және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының инсайдерлік ақпаратқа билік ету және пайдалану бөлігіндегі талаптарын бұзушылықтардың болмауы нәтижелік өлшемдері болып табылады.

## 7. ПРОЦЕСТІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

48. Осы Қағидалармен реттелетін әрекеттерді орындау барысында мынадай тәуекел туындауы мүмкін:

р/с №	Тәуекел атауы	Алдын алу әрекеттері	Түзету әрекеттері	Тәуекел иесі
	Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігінде көзделген талаптарды бұзғаны үшін Қоғамды жауапкершілікке тарту	1. Осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін бақылауды іске асыру. 2. Қазақстан Республикасы заңнамасының, KASE ішкі құжаттарының, осы Қағидалардың және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарының	1. Тәуекелдің іске асу себептерін айқындау және талдау. 2. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері басшыларының Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат бөлігіндегі талаптарын сақтамау салдарынан бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға ден	Жауапты құрылымдық бөлімше



 KazTransOil	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 16-беті</b>

	сақталуын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында инсайдерлерді оқыту	қою шараларын қабылдау туралы мәселесіне бастамашылық етуі	
--	---	--	--

## 8. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕ\*


[1]	«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы
[2]	«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Заңы
[3]	Қоғам Басқармасының 2017 жылғы 27 сәуірдегі (№15 отырыс хаттамасы) «ҚазТрансОйл» АҚ-та қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық

\* Осы Қағидаларды пайдаланған кезде сілтеме жасалған құжаттардың ағымдағы жылғы жағдай бойынша қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы Қағидалар қолданған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтеме жасалған құжат ауыстырылмай, күші жойылған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

## 9. ҚОСЫМША

<b>Қосымша (міндетті)</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлері тізімінің нысаны</b>
---------------------------	---



 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары	
Қағидалары	ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2	19 беттің 17-беті

**Қосымша**  
(міндетті)

«БЕКІТЕМІН»  
«ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры  
(Басқарма төрағасы)  
\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)  
(қолы)  
\_\_\_\_\_ (Бекіту датасы)

20 \_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша  
«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлерінің тізімі


**1-кесте. Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері**

р/с №	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы	Инсайдерлер тізімінен шығару датасы
1	2	3	4	5	6
1					

**2-кесте. Қызметтік жағдайына және еңбек міндеттері қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын «ҚазТрансОйл» АҚ жұмыскерлері**

р/с №	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Туған жылы	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы	Инсайдерлер тізімінен шығару датасы
1	2	3	4	5	6
1					



 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары</b>	
<b>Қағидалары</b>	<b>ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2</b>	<b>19 беттің 18-беті</b>


**3-кесте. «ҚазТрансОйл» АҚ дауыс беруші акцияларының он немесе одан да көп пайызын иеленуіне, пайдалануына және (немесе) тікелей немесе жанама түрде билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алатын тұлғалар**

р/с №	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) растайтын құжаттың реквизиттері/жеке тұлғаның туған жылы	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы	Инсайдерлер тізімінен шығару датасы
1	2	3	4	5	6
1					

**4-кесте. Жасалған (оның ішінде ауызша), ережелерімен инсайдерлік ақпаратты ашу көзделген шартқа сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ-қа қызмет көрсететін аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және өзге де тұлғалар**

р/с №	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың реквизиттері/жеке тұлғаның туған жылы	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы	Инсайдерлер тізімінен шығару датасы
1	2	3	4	5	6
1					



 KazTransOil	«ҚазТрансОйл» АҚ инсайдерлік ақпаратты иеленуді және пайдалануды ішкі бақылау қағидалары	
Қағидалары	ҚТО-Р99-Қағидалар-3.2	19 беттің 19-беті

**5-кесте. «ҚазТрансОйл» АҚ акциялары тізіміне енгізілген сауда ұйымдастырушылары**

р/с №	Заңды тұлғаның атауы, оның орналасқан жері/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың реквизиттері/жеке тұлғаның туған жылы	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме	Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы	Инсайдерлер тізімінен шығару датасы
1	2	3	4	5	6
1					

